

Ертіс ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 158/3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 маусымда № 23114 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 529 - бабының 6 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің бұйрығымен бекітілген аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес, Ертіс ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ертіс ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ертіс ауданының әкімі

А. Бейсекин

Ертіс ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 17 маусымдағы
№ 158/3 қаулысымен
бекітілген

Ертіс ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№ р/с	Салық салу объектісінің орналасуы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Ертіс ауылы	2,45
2	Голубовка ауылы	1,65
3	Майкоңыр ауылы	2,15
Аманкелді ауылдық округі		
4	Аманкелді ауылы	2,05
5	Ленин ауылы	2,05
Ағашорын ауылдық округі		
6	Ағашорын ауылы	2,05
7	Ұзынсу ауылы	1,60
Байзақов ауылдық округі		
8	Иса Байзақов ауылы	2,05
9	Үлгілі ауылы	1,95

10	Луговой ауылы	1,90
Қаракұдық ауылдық округі		
11	Қаракұдық ауылы	1,45
12	Қараөткел ауылы	1,75
13	Кеңес ауылы	1,55
14	Ынтымақ ауылы	1,70
Қоскөл ауылдық округі		
15	Қоскөл ауылы	1,55
16	Қызылқақ ауылы	1,90
Қызылжар ауылдық округі		
17	Қызылжар ауылы	2,35
18	Тоғызак ауылы	1,55
Панфилов ауылдық округі		
19	Панфилов ауылы	1,65
20	Токта ауылы	1,25
21	Қосағаш ауылы	1,40
Северный ауылдық округі		
22	Северный ауылы	2,05
23	Қарағаш ауылы	1,75
24	Степной ауылы	1,55
Сілеті ауылдық округі		
25	Сілету ауылы	1,50
26	Бұланбай ауылы	1,05
27	Қызылағаш ауылы	1,15